

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі
Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы



**«ЕҢБЕК» ОҚУ ПӘНІ БОЙЫНША 5–9-СЫНЫП БІЛІМ
АЛУШЫЛАРЫНЫҢ ОҚУ ЖЕТІСТІКТЕРІН БАҒАЛАУ
БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР**

Астана, 2025

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының ғылыми-әдістемелік кеңесінің шешімімен ұсынылды (2025 жылғы 25 желтоқсандағы №6 хаттама).

«Еңбек» оқу пәні бойынша 5–9-сынып білім алушыларының оқу жетістіктерін бағалау бойынша әдістемелік ұсынымдар бойынша әдістемелік ұсынымдар. - Астана: Ы. Алтынсарин ат. ҰБА, 2024. – 32 б.

Әдістемелік ұсынымдарда 5-9-сыныптарға арналған «Еңбек» пәнінің үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау қарастырылған.

Әдістемелік ұсынымдар екі бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімде 5-9-сыныптарға арналған «Еңбек» оқу пәні бойынша 5–9-сынып білім алушыларының оқу жетістіктерін бағалаудың ерекшеліктері туралы, ал екінші бөлімде осы пәндерден қолданыстағы үлгілік оқу бағдарламасына сай «Еңбек» оқу пәні бойынша 5 – 9-сынып білім алушыларының оқу жетістіктерін бағалау бойынша БЖБ және ТЖБ тапсырмаларының үлгілері берілген.

Әдістемелік ұсынымдар орта білім беру ұйымдарының басшыларына, «Еңбек» пәні бойынша пән мұғалімдеріне, оқу-әдістемелік орталықтардың әдіскерлеріне арналған.

КІРІСПЕ

Еңбек сабақтарында бағалау білім беру үдерісінде маңызды рөл атқарады. Бұл бағалау білім алушылардың практикалық дағдыларды, техникалық ойлауды және жобалық қызмет дағдыларын қалыптастырудағы ілгерілеуін бақылауға мүмкіндік береді. Конструктивті кері байланыс беру арқылы бағалау білім алушыларда жауапкершілік, ұқыптылық және еңбекқорлық қасиеттерін дамытуға көмектеседі, сондай-ақ өз еңбегі мен өзгенің еңбегіне құрметпен қарау мәдениетін қалыптастырады.

Бағалау әр оқушының жеке ерекшеліктерін, жұмыс қарқынын және даярлық деңгейін ескеруге мүмкіндік береді, бұл оқытуда дербес тәсілді жүзеге асыруға жағдай жасайды. Осылайша оқу бағдарламасын тиімді меңгеруге және еңбек пен технология мәдениетін қалыптастыруға қол жеткізіледі.

Еңбек сабақтарындағы бағалау – білім алушылардың тұлғалық, танымдық және кәсіби дамуына ықпал ететін бірнеше негізгі функцияларды орындайды. «Еңбек» сабақтарында бағалаудың негізгі функциялары мен мақсаттары:

Прогресті бақылау — техникалық және практикалық дағдылардың даму деңгейін, теориялық білімді меңгеру дәрежесін және құзыреттіліктің өсу динамикасын бақылауға мүмкіндік береді.

Білім алушыларға кері байланыс — оқушылардың өз білімін және даму аймақтарын түсінуіне, мінез-құлықты түзетуіне және нәтижелерін жақсартуға көмектеседі.

Мотивацияны ынталандыру — жетістіктерді мойындау мен еңбекті мадақтау арқылы пәнге қызығушылықты арттыруға ықпал етеді.

Еңбек және өмірлік дағдыларды қалыптастыру — тапсырмаларды кезең-кезеңмен орындау мен соңғы нәтижені бағалау арқылы білім алушылар жоспарлау, өзін-өзі бақылау және қауіпсіздік техникасын сақтау дағдыларын меңгереді.

Оқытуды дараландыру — әр білім алушының мүмкіндіктеріне сай тапсырмалар мен талаптарды бейімдеуге мүмкіндік береді, инклюзивті көзқарасты қолдайды.

Жауапкершілік пен ұқыптылықты дамыту — жұмыстың сапасын бағалау арқылы іс-әрекетке адал әрі мұқият қарау әдеті қалыптасады.

Әлеуметтік және эмоционалдық даму — топпен жұмыс істеу, өзара көмек көрсету және өзгенің еңбегіне құрметпен қарау дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді.

«Еңбек» оқу пәні бастауыш білім беру деңгейіндегі маңызды эстетикалық-көркемдік пән болып табылады. Ол 5–9-сынып білім алушыларының көркемдік-шығармашылық қабілеттерін, кеңістіктік ойлауын, композициялық және көркемдік дағдыларын, эстетикалық сезімін, қиялын дамытуға бағытталған. Сондықтан оқу процесі мен бағалау тек теориялық білім беруді ғана емес, сонымен қатар практикалық, шығармашылық және эстетикалық тәжірибені қалыптастыруды көздейді.

Аталған әдістемелік ұсыным Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына енгізілген өзгерістермен бекітілген Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына (МЖМБС), сондай-ақ 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығына (кейінгі толықтырулармен) сәйкес әзірленді. Осы нормативтік құжаттарда белгіленген талаптарды шығармашылық және практикалық бағыттағы «Бейнелеу өнері» оқу пәнінің ерекшеліктеріне бейімдеп қолдану – бағалау рәсімдерін тиімді ұйымдастыру үшін қажетті әдістемелік негіз болып табылады.

1. Нормативтік-құқықтық негіз

№ 348 бұйрығы («Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта ... жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы») арқылы бастауыш білім беру деңгейіндегі барлық пәндер, соның ішінде эстетикалық / шығармашылық пәндер үшін үлгілік оқу бағдарламалары анықталды [1] [adilet.zan.kz].

№ 125 бұйрығы («Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы») бағалау рәсімдері ағымдық (формативтік), аралық және қорытынды (жиынтық) бақылауды реттейді [3] [adilet.zan.kz].

Осы қағидаларға сәйкес: оқу жетістіктерін бағалау 2-сыныптан бастап жүзеге асырылуы және бағалау критерийлері оқу бағдарламасында анықталған мақсаттар негізінде әзірленуі тиіс [1] [adilet.zan.kz].

Осылайша, нормативтік база «Бейнелеу өнері» оқу пәнін бағалауға құқықтық негіз береді; бірақ пәннің өзіндік сипат-ескертпелері (эстетикалық, шығармашылық, практикалық) әдістемелік деңгейде педагогикалық ұсынымдар арқылы нақты айқындалуы қажет [2].

Бағалаудың мақсаты мен міндеттері

Бағалау процесінде бірыңғай, шынайы және ашық тәсілдер қамтамасыз етілуі тиіс; бұл № 125 бұйрығымен бекітілген жалпы қағидаларға сәйкестікті білдіреді [3] [adilet.zan.kz].

Сонымен бірге, бағалау – білім алушылардың көркемдік, шығармашылық және эстетикалық дамуын көрсететін құрал: көркемдік ойлау, шығармашылық ізденіс, эстетикалық сезім, композициялық және техникалық дағдылар сияқты күрделі, көп қырлы компоненттерді бағалауды көздейді.

1. «ЕҢБЕК» ОҚУ ПӘНІ БОЙЫНША 5 – 9-СЫНЫП БІЛІМ АЛУШЫЛАРЫНЫҢ ОҚУ ЖЕТІСТІКТЕРІН БАҒАЛАУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

«Еңбек» оқу пәні бойынша бағалау ережелері мен талаптары

1. «Еңбек» пәні бойынша бағалау – оқыту процесінің маңызды бөлігі. Ол оқушылардың алған білімдері мен дағдыларын тексеруге, олардың шығармашылық қабілетін ашуға, технологиялық процестерді орындау деңгейін анықтауға, еңбек мәдениеті мен практикалық жұмысқа бейімделуін бағалауға бағытталған. Бағалау – білім алушының нақты оқу нәтижелерін алдын ала белгіленген өлшем шарттармен салыстыру процесі. Ал оқытудан күтілетін нәтиже – оқушы оқу аяқталған соң не білуі, түсінуі және көрсете алуы керек екенін сипаттайтын құзыреттіліктер жиынтығы.

2. Бағалау өлшем шарттары мен бақылау түрлері. Бағалау өлшем шарттары – оқушы жетістігін бағалау, тапсырмалардың сапасын саралау және оқу нәтижелерін нақтылау үшін қолданылатын негізгі бағдар. Оқу барысында мұғалім білімді үнемі тексеріп отырады – бұл ағымдық бақылау деп аталады. Ал оқу пәнінің белгілі бір бөлігі немесе толық курсы аяқталғаннан кейін жүргізілетін тексеру аралық аттестаттау деп аталады.

3. Бағалау түрлері. Бағалау екі негізгі түрден тұрады: формативті және жиынтық бағалау.

Формативті бағалау – сабақ үстінде тапсырмасын орындау кезінде жүргізіледі. Ол оқушының ағымдағы нәтижесін бақылап, оның дамуын қадағалауға және оқытуды тиімді жоспарлауға көмектеседі. Мұғалім ауызша немесе жазбаша кері байланыс береді, ал нәтиже көбіне электронды журналда балл түрінде көрсетіледі. Формативті бағалау нәтижелерін қағаз түрінде сақтаудың қажеті жоқ.

Жиынтық бағалау – белгілі бір бөлім немесе тоқсан соңында өткізіледі. Бұл бағалау оқушының оқу материалын қаншалықты меңгергенін кешенді түрде көрсетеді. Жиынтық бағалаудың екі түрі бар:

Бөлім/ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалау (БЖБ) – бөлім аяқталған соң өткізіледі.

Тоқсандық жиынтық бағалау (ТЖБ) – тоқсан соңында барлық материал бойынша өткізіледі.

Мұғалім тапсырмалардың түрін (жоба, практикалық жұмыс, тест және т.б.) және уақытын өзі белгілейді. Максималды балл: 1–4-сыныптарда – 4–15, 5–11-сыныптарда – 4–20. Жұмысты тексеру кезінде қолмен түзетілген жерлер мен рәсімдеу есепке алынбайды, мінез-құлық үшін балл төмендетілмейді. Пән аптасына 1 рет болса, БЖБ тоқсанына 2 реттен артық өткізілмейді, ал баға жартыжылдыққа қойылады. Бір пән бойынша БЖБ мен ТЖБ бір күнде алынбайды, ТЖБ тоқсанның соңғы күні өткізілмейді.

4. Ерекше жағдайларды ескеру. Ерекше білім қажеттіліктері бар немесе үйде оқитын оқушылар үшін тапсырмалар олардың мүмкіндіктеріне қарай

бейімделіп беріледі. Мұғалім сараланған тапсырмалар дайындап, қажет болған жағдайда бағалау өлшем шарттарын өзгертеді.

«Еңбек», «Музыка», «Дене шынықтыру», «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері», «Графика және жобалау», «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық», "Жаһандық құзыреттер" және бастауыш мектепте "Цифрлық сауаттылық" пәндері бойынша әр тоқсан сайын БЖБ өткізіледі және тоқсан/жартыжылдық және оқу жылының қорытындысы бойынша "бағаланады". Шығармашылық пәндер бойынша БЖБ алу уақыты - 40 минут.

5. Бағалау сапасын қамтамасыз ету. Педагогтер БЖБ және ТЖБ тапсырмаларын академиялық адалдық қағидаларына сай дербес дайындайды. Тапсырмалар әдістемелік бірлестікте алдын ала талқыланады. Бағалаудың әділдігі мен айқындығын қамтамасыз ету үшін модерация жүргізіледі – яғни, мұғалімдер оқушылардың жұмыстарын бірге қарап, қойылған балдарды стандарттайды. Модерация нәтижесінде балл өзгеруі мүмкін.

6. Бір бөлім болған жағдайда бағалау тәртібі. Егер тоқсанда тек бір ғана бөлім оқытылса, онда БЖБ сол бөлім аяқталған соң міндетті түрде бір рет өткізіледі. Бұл оқушылардың бөлім бойынша меңгерген білімдері мен дағдыларын анықтауға бағытталады. Бағалау соңғы сабақта емес, одан кейінгі сабақта немесе аралықта өткізілуі керек, оқушыларға дайындалуға уақыт берілуі тиіс. Тоқсан соңында міндетті түрде ТЖБ өткізіледі. БЖБ мен ТЖБ арасында кемінде бір сабақ айырмашылығы сақталуы керек және олар бір күнде алынбайды.

7. Қатыспаған жағдайда. Егер білім алушы объективті себептермен (ауру, отбасы жағдайы, ауа райы, жарыс, олимпиада т.б.) бағалауға қатыса алмаса, ол жеке кесте бойынша тапсырманы орындайды. Егер тоқсан немесе жартыжылдық соңына дейін тапсырма орындалмаса, журналда «уақытша аттестатталанбады» деп белгіленеді. Жиынтық жұмыс тапсырылған соң ғана баға қойылады. Барлық жазбаша жұмыстар оқу жылының соңына дейін мектепте сақталады.

8. Қорытынды бағаны есептеу. Тоқсандық баға формативті және жиынтық бағалау нәтижелерінің 50% + 50% ара - қатынасымен есептеледі. Егер пән аптасына 1 рет өтсе, жартыжылдық баға формативті бағалау мен БЖБ нәтижелері бойынша қойылады. Бағалау нәтижелері білім алушының еңбек дағдыларын, технологиялық операцияларды орындау сапасын, шығармашылық қабілетін, қауіпсіздік ережелерін сақтау деңгейін және еңбек мәдениетін меңгеруін көрсетеді. Бұл мәліметтер оқу процесін жақсартуға және білім сапасын арттыруға қолданылады.

Бағалаудың мақсаты – «Еңбек» оқу пәні бойынша білім алушылардың оқу бағдарламасын меңгеру деңгейін арттыруға, олардың практикалық дағдыларын, шығармашылық ойлау қабілетін, бастамашылдығын және жауапкершілігін дамытуға бағытталған объективті, қалыптастырушы және жиынтық бағалау жүйесін қалыптастыру болып табылады. Бағалау білім беру процесінің ажырамас құрамдас бөлігі ретінде оқушылардың меңгерген білімдері мен іскерліктерін анықтап қана қоймай, олардың еңбекке деген қызығушылығын арттыруға, технологиялық операцияларды орындау қабілеттерін бағалауға,

шығармашылық көзқарасын қалыптастыруға және тұлғалық дамуына ықпал етуге бағытталады.

Бағалау жүйесі оқытудың күтілетін нәтижелерін анықтауға және білім алушылардың нақты жетістіктерін осы нәтижелермен салыстыруға мүмкіндік беретін педагогикалық құрал болып табылады. Бағалау процесі барысында алынған ақпарат мұғалімге оқу процесін жетілдіруге, оқушылардың жетістіктерін саралап, олардың біліміндегі олқылықтарды дер кезінде түзетуге және одан әрі оқытуды тиімді ұйымдастыруға жағдай жасайды.

Бағалаудың міндеттері – білім беру процесінің тиімділігін арттыруға, оқушылардың оқу жетістіктерін әділ әрі ашық бағалауға, олардың еңбекке деген оң көзқарасын қалыптастыруға бағытталған нақты әрекеттер жүйесін қамтиды. Бағалаудың негізгі міндеттеріне мыналар жатады:

тапсырманы орындау барысын және оның нәтижесін ескеретін нақты әрі түсінікті бағалау өлшем шарттарын анықтау;

өзін-өзі және өзара бағалау элементтерін қамтитын ағымдық, аралық және қорытынды бағалау жүйесін әзірлеу;

білім алушылардың өз әрекеттерін талдау және өзін-өзі бағалау дағдыларын қалыптастыруға ықпал ету, нәтижелерін саралап, өз жұмысын бағалай алу қабілетін дамыту;

бастамашылдықты, ұқыптылықты, еңбекқорлықты және шығармашылық көзқарасты мадақтау арқылы оқушылардың еңбекке деген ішкі мотивациясын арттыру;

білім алушылардың жеке мүмкіндіктерін, жұмыс қарқынын және қызығушылықтарын ескере отырып, бағалауда дараланған және сараланған тәсілді қамтамасыз ету;

бөлім бойынша жиынтық бағалау (БЖБ) мен тоқсандық жиынтық бағалауды (ТЖБ) оқу мақсаттарына сай ұйымдастырып, оқу жетістіктерін әділ, жүйелі және ашық бағалау;

оқу нәтижелерін талдау арқылы оқу процесін жетілдіруге, оқушылардың біліміндегі олқылықтарды анықтап, оларды түзетуге және жеке білім беру траекториясын құруға мүмкіндік беру;

оқушылардың функционалдық сауаттылығын, шығармашылық қабілеттерін, коммуникативтік және метапәндік құзыреттіліктерін дамытуға ықпал ету;

бағалау процесінде объективтілікті, ашықтықты және академиялық адалдық қағидаттарын сақтау, бағалау нәтижелерінің әділдігі мен сенімділігін қамтамасыз ету.

Бағалау жүйесі осы міндеттерді іске асыру арқылы оқушының тек пәндік білімін ғана емес, сонымен бірге еңбекке деген жауапкершілігін, ынтасын, өз ісіне деген сындарлы көзқарасын қалыптастырады. Сонымен қатар, ол оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытып, практикалық еңбек дағдыларын жетілдіруге және өмірде қолдана алатын құзыреттіліктерін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Бөлім/ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалау (БЖБ)

Бөлім/ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалау оқушылардың белгілі бір тақырып немесе бөлім шеңберінде алған білімдері мен дағдыларын тексеруге, меңгеру деңгейін анықтауға және олардың оқу процесіндегі ілгерілеуін бағалауға бағытталады.

Дайындау кезеңдері:

Оқу мақсаттарын анықтау: БЖБ тек нақты бөлімге немесе ортақ тақырыпқа қатысты оқу мақсаттарына сәйкес болуы керек; әр тапсырма кемінде бір оқу мақсатына сәйкес келіп, оны өлшей алуы тиіс.

Бағалау критерийлерін айқындау: бағалау критерийлері оқу мақсаттарының негізінде жасалады; олар нақты, түсінікті және бағаланатын дағдыны айқын сипаттауы керек.

Дескрипторларды әзірлеу: дескриптор оқушының белгілі бір тапсырманы орындауда не істей алатынын көрсететін өлшем; олар оқушының әрекетін, өнімін немесе шешімін нақты сипаттап, бағалаушыға анық түсінікті болуы тиіс.

Тапсырмалар түрлерін тандау: практикалық тапсырма – бұйым жасау, сызба салу, технологиялық процесті орындау; жоба жұмысы – шағын жоба немесе шығармашылық жұмыс әзірлеу; тестілеу – теориялық білімін тексеретін сұрақтар (қажет болған жағдайда); оқушының жас ерекшелігі мен пән мазмұнына сәйкес тапсырмалар күрделілігі біртіндеп артуы қажет.

Баға қою шкаласын анықтау:

1–4 сыныптар үшін максималды балл 4–15 балл.

5–11 сыныптар үшін максималды балл 4–20 балл.

Балл саны тапсырма көлеміне, дескриптор санына және күрделілігіне сай белгіленеді.

Нұсқаулық дайындау: әр тапсырмада орындалу барысына түсінікті нұсқаулық берілуі керек (не істеу қажет, қандай материал қолдану керек, нәтижені қалай ұсыну керек); тапсырманы орындауға берілетін уақыт көрсетіледі.

Тоқсандық жиынтық бағалау (ТЖБ)

Тоқсандық жиынтық бағалау тоқсан соңында оқу материалдарын қаншалықты меңгергенін кешенді бағалау үшін өткізіледі. Ол білім алушының пән бойынша алған білімін, практикалық дағдыларын, жобалық және шығармашылық жұмысқа қатысу қабілетін толық көрсетеді.

Дайындау кезеңдері:

Оқу мақсаттарын топтастыру: ТЖБ тоқсан бойы өткен барлық бөлімдер мен ортақ тақырыптардың оқу мақсаттарын қамтуы керек; әр бөлім бойынша кемінде бір тапсырма енгізілуі ұсынылады.

Бағалау критерийлері мен дескрипторлар әзірлеу: БЖБ секілді ТЖБ да нақты бағалау критерийлері мен дескрипторларға сүйенуі қажет; дескрипторлар әрбір оқу мақсатының нәтижесін анық әрі өлшенетін түрде сипаттайды.

Тапсырмалардың құрылымы мен түрлері: теориялық тапсырмалар – ұғымдарды түсіндіру, құрал-жабдықтарды тану, технологиялық процесті

сипаттау; практикалық тапсырмалар – бұйым жасау, нобай салу, материалдармен жұмыс істеу; жобалық тапсырмалар – шағын жоба немесе шығармашылық өнім дайындау; оқушының практикалық жұмысы мен шығармашылық шешімі, сөздіктің (глоссарийдің) мағынасын (атауын) түсіну міндетті түрде бағаланады.

Бағалау шкаласын белгілеу: максималды балл оқу мақсаттарының санына, тапсырмалардың күрделілігіне және санына сәйкес белгіленеді (5–11 сыныптарда 20 баллдан аспайды); бағалау әділдігі мен ашықтығын қамтамасыз ету үшін шкала барлық тапсырмаларға бірдей қолданылады.

Орындау уақыты мен нұсқаулық беру: білім алушыға тапсырмаларды орындауға жеткілікті уақыт берілуі тиіс; әр тапсырма үшін нақты әрі түсінікті нұсқаулықтар жазылады.

Модерация және сапаны бақылау: ТЖБ тапсырмалары әдістемелік бірлестік отырысында қаралып, оқу мақсаттарына сәйкестігі, көлемі мен уақыты тексеріледі; даулы жағдай туындаса, модерация жүргізіліп, бағалаудың объективтілігі қамтамасыз етіледі.

Практикалық кеңестер мен ұсыныстар

Тапсырмалар шынайы өмірлік жағдайларға негізделіп, оқушының тәжірибелік қабілетін көрсетуге мүмкіндік беруі тиіс.

Дескрипторлар тым жалпы емес, нақты және өлшенетін болуы керек.

Білім алушылардың жас ерекшелігі, оқу қарқыны мен мүмкіндіктері міндетті түрде ескерілуі қажет.

Тапсырмалар күрделілігі бойынша біртіндеп артып отыруы керек: бастапқыда қарапайым дағдылар, кейін шығармашылық және технологиялық шешімдерге дейін.

Практикалық жұмыстарда қауіпсіздік техникасы міндетті түрде ескеріліп, бағалау критерийлеріне енгізілуі мүмкін.

БЖБ мен ТЖБ тапсырмаларын құру – тек бағалау құралы ғана емес, сонымен қатар оқушының функционалдық сауаттылығын, шығармашылық әлеуетін және еңбек дағдыларын дамыту құралы. Дұрыс дайындалған бағалау тапсырмасы оқушылардың оқу мотивациясын арттырады, олардың өз-өзін бағалау қабілетін дамытады және білім беру сапасын арттыруға септігін тигізеді.

2. «ЕҢБЕК» ОҚУ ПӘНІ БОЙЫНША 5–9-СЫНЫП БІЛІМ АЛУШЫЛАРЫНЫҢ ОҚУ ЖЕТІСТІКТЕРІН БАҒАЛАУ БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР

Бөлім бойынша жиынтық бағалау (БЖБ)

Пәні: Еңбек (Визуалды өнер)

Сынып: 5

Тоқсан: I

Уақыты: 40 минут

Максималды балл: 15 балл

Тақырып: Бейнелеу өнерінің түрлері мен жанрлары. Натюрморт және пейзаж.

Оқу мақсаттары:

5.1.1.1 – ұлттық және әлем мәдениетіндегі өнер, қолөнер және дизайн туындыларының ерекшеліктерін түсіндіру;

5.1.1.2 – өнер туындыларындағы стильдер мен жанрларды анықтау;

5.1.3.2 – композиция қағидаттарын шығармашылық жұмыс жасау барысында қолдану;

5.1.4.3 – материалдар мен техникаларды пайдаланып эксперимент жасау.

Тапсырма 1. Теориялық бөлім (4 балл)

Берілген суретті қарап, жанрын және стилін анықта, ерекшеліктерін сипатта.

Бағалау критерийі	Дескрипторлар	Балл
Жанр мен стильді анықтайды	- Сурет туындысының жанрын дұрыс атайды. - Стильін нақты сипаттайды.	2
Жанр ерекшеліктерін сипаттайды	- Жанрға тән 2-3 ерекшелікті түсіндіреді.	2

Тапсырма 2. Практикалық жұмыс – натюрморт (6 балл)

Ұлттық элементі бар натюрморт эскизін жаса.

Бағалау критерийі	Дескрипторлар	Балл
Композицияны сақтайды	- Негізгі элементтер дұрыс орналасқан. - Композиция тепе-теңдігі сақталған.	2
Материалды дұрыс қолданады	- Құрал-жабдықтарды дұрыс пайдаланады. - Техниканы орынды қолданады.	2
Шығармашылық шешім ұсынады	- Ұлттық элементті қолданған. - Жеке стиль байқалады.	2

Тапсырма 3. Пейзаж бейнелеу (5 балл)

Қала пейзажын сызықтық немесе әуе перспективасын қолданып бейнеле.

Бағалау критерийі	Дескрипторлар	Балл
Перспектива қағидаларын қолданады	- Сызықтар мен нүктелер перспектива заңына сәйкес.	2

Түстер мен композицияны қолданады	- Түстер үйлесімді таңдалған. - Негізгі және қосымша элементтер орынды.	2
Шығармашылық шешім көрсетеді	- Жеке идея немесе стиль көрініс тапқан.	1

Жалпы балл: 15

БЖБ бағалау межесі (рубрика):

Деңгейі	Балл диапазоны	Оқушының жетістігі сипаттамасы
«Өте жақсы»	13–15	Білім алушы тақырыпты толық меңгерген. Жанр мен стильді нақты анықтай алады, терминологияны орынды қолданады. Композиция қағидаларын дұрыс сақтайды және материалдарды мақсатты қолданады. Шығармашылық шешімі айқын әрі ерекше. Жұмыс эстетикалық талаптарға сай орындалған.
«Жақсы»	9–12	Білім алушы тақырыпты жалпы түсінген, бірақ кей тұстарда нақтылау қажет. Жанр мен стильді анықтай алады, бірақ кейбір сипаттамаларда дәлсіздік бар. Композицияда немесе түстер үйлесімінде кішігірім қателіктер бар. Материалдарды қолдануда жеткілікті деңгейде тәжірибе көрсетеді. Шығармашылық шешім байқалады.
«Қанағаттандырылдық»	5–8	Білім алушы тақырыпты ішінара меңгерген. Жанр мен стильді анықтауда немесе сипаттауда қателіктер жібереді. Композицияда қателіктер бар, материалдар дұрыс қолданылмаған. Шығармашылық элементтер әлсіз байқалады.
«Қанағаттандырылдықсыз»	0–4	Білім алушы тапсырманы орындауда қиындық көреді. Негізгі ұғымдарды түсінбеген, композиция құрылымы сақталмаған, материалдарды қолдануда айқын кемшіліктер бар. Шығармашылық идея анық байқалмайды.

БЖБ №1

1-тапсырма.

Берілген сурет туындысын мұқият қарап шық.



а) Суреттің жанрын және стилін анықта.

ә) Осы жанрдың ерекшеліктерін қысқаша сипатта.

2-тапсырма.

«Ұлттық сәндік натюрморт» тақырыбында шағын эскиз орында.

Ұлттық элементтерді пайдаланып, заттардың

композициясын дұрыс орналастыр.

Материалдар мен бояу техникасын өз қалауынша таңда.

Жұмысында шығармашылық шешім көрсетуге тырыс.

Білім алушының тапсырма өткізуге берілетін беттері

--

3-тапсырма.

«Қала пейзажы» тақырыбында сурет сал.

Сызықтық немесе әуе перспективасы қағидаларын қолдан.

Түстер үйлесімін сақта.

Шығармашылық көзқарас пен жеке идеяны көрсет.

Білім алушының тапсырма өткізуге берілетін беттері

--

ТОҚСАНДЫҚ ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ (ТЖБ)

Пәні: Еңбек (Визуалды өнер)

Сынып: 5

Тоқсан: I

Уақыты: 45 минут

Максималды балл: 20 балл

Тақырыптар:

Бейнелеу өнерінің түрлері мен жанрлары

Суретшілер шығармашылығы

Натюрморт пен пейзаж

Қала пейзажы мен перспектива

Мүсін және пластикалық пішін

Шығармашылық жұмысты таныстыру

Тапсырма 1. Теориялық сұрақ (4 балл)

Суретті сипаттау

Бағалау критерийі	Дескрипторлар	Балл
Суретшіні таниды	- Суретшінің атын дұрыс атайды	1
Стиль мен жанрды анықтайды	- Жұмыстың жанрын және стилін дұрыс көрсетеді	1
Ерекшеліктерін түсіндіреді	- Суретшінің шығармашылығына тән кемінде екі ерекшелікті нақты түсіндіреді	2

Тапсырма 2. Практикалық жұмыс (8 балл)

Шығармашылық жұмыс (бедерлі мүсін немесе пейзаж)

Бағалау критерийі	Дескрипторлар	Балл
Материалды дұрыс таңдайды және қолданады	- Материалдарды мақсатқа сай таңдайды - Техника мен құралдарды дұрыс пайдаланады	2
Композиция мен түстер үйлесімін сақтайды	- Композиция тепе-теңдігін сақтайды - Түстер үйлесімін дұрыс таңдайды	2
Шығармашылық идеяны жүзеге асырады	- Жеке стиль мен идеяны көрсетеді - Ұлттық/шығармашылық элементтер енгізеді	2
Жұмысын таныстырып түсіндіреді	- Жұмыстың тақырыбын айтады - Негізгі идеяны түсіндіреді	2

3-тапсырма. Пәндік терминологияны меңгеру (8 балл)

Терминдерді сәйкестендіру

№	Термин	Анықтама
1	Натюрморт	А. Кеңістіктің қашықтығын түстер мен реңктер арқылы көрсету тәсілі
2	Пейзаж	В. Бейнелеу өнерінде табиғатты, қала көрінісін немесе кеңістікті бейнелейтін жанр

3	Композиция	С. Заттар тобының бір кеңістікте орналасуын бейнелейтін көркем шығарма түрі
4	Перспектива	D. Кескіндемеде заттардың арақатынасы мен орналасуын ұйымдастыру қағидаттары
5	Жанр	E. Бейнелеу өнеріндегі тақырыптық түр немесе бағыт
6	Мүсін	F. Үш өлшемді пішінді көркем бейнелеу түрі
7	Пластика	G. Материалға пішін беру арқылы көркем бейне жасау өнері
8	Эксперимент	H. Өртүрлі материалдар мен техникамен тәжірибе жасау әрекеті

Дұрыс жауап үлгісі: 1 – С, 2 – В, 3 – D, 4 – А, 5 – Е, 6 – F, 7 – G, 8 – H

Бағалау критерийі	Дескрипторлар	Балл
Терминдерді дұрыс сәйкестендіреді	- 6–8 терминді дұрыс сәйкестендірді	4
Терминдердің мағынасын түсінеді	- 4–5 терминді дұрыс сәйкестендірді	3
Негізгі терминдерді ажыратады	- 2–3 терминді дұрыс сәйкестендірді	2
Бастапқы деңгей	- 0–1 терминді дұрыс сәйкестендірді	1

Жалпы балл: 20

Бағалау рубрикасы (межесі)

Деңгей	Балл диапазоны	Оқушының оқу жетістігін сипаттамасы
Жоғары деңгей	18–20	Білім алушы барлық тапсырмаларды толық әрі дұрыс орындайды. Суретшіні, стиль мен жанрды нақты анықтайды, шығармашылық ерекшеліктерін түсіндіреді. Практикалық жұмыста материалдар мен техниканы дұрыс қолданып, композиция мен түстер үйлесімін сақтайды. Жеке идеясы мен шығармашылық шешімі айқын көрінеді. Терминдерді толық әрі дәл сәйкестендіреді.
Орта деңгей	13–17	Білім алушы оқу мақсаттарының көпшілігіне жетеді. Суретшіні таниды, жанр мен стильді анықтайды, бірақ ерекшеліктерді сипаттауда аздаған дәлсіздіктер бар. Практикалық жұмыс талаптарға сай, бірақ композиция немесе түстер үйлесімінде ұсақ қателіктер кездеседі. Терминдердің басым бөлігін дұрыс сәйкестендіреді.
Төмен деңгей	8–12	Білім алушы оқу мақсаттарының бір бөлігін ғана орындайды. Суретшіні немесе жанрды анықтауда қателіктер жібереді. Практикалық жұмыс толық емес немесе шығармашылық шешімі әлсіз. Терминдер ішінара дұрыс сәйкестендірілген.
Минималды деңгей	0–7	Білім алушы оқу мақсаттарына жете алмады. Тапсырмалар толық орындалмаған немесе мазмұны сәйкес емес. Практикалық жұмыста материалдарды дұрыс қолданбаған, терминдерді ажыратуда айқын қиындықтар байқалады.

ТЖБ №1

1-тапсырма. Берілген суретті сипатта:



1. Суретшінің атын ата.

2. Оның жұмыс істеген стилі мен жанрын анықта.

3. Шығармаларына тән екі ерекшелікті түсіндір.

2-тапсырма.

Берілген тақырыпқа сәйкес шағын шығармашылық жұмыс орында:

- Әуе перспективасын беру арқылы пейзаж сал.
- Композиция мен түстер үйлесімін сақта.
- Жердің қарапайым сызықтық перспективасы сақталу керек.



Өз орындаған жұмысыңды таныстыр. Жұмыстың тақырыбын және негізгі идеясын түсіндір.

3-тапсырма. Төмендегі терминдерді олардың анықтамаларымен сәйкестендіріңіз.

Термин	Анықтама
1. Натюрморт	А. Кеңістіктің қашықтығын түстер мен реңктер арқылы көрсету тәсілі
2. Пейзаж	В. Бейнелеу өнерінде табиғатты, қала көрінісін немесе кеңістікті бейнелейтін жанр
3. Композиция	С. Заттар тобының бір кеңістікте орналасуын бейнелейтін көркем шығарма түрі
4. Перспектива	Д. Кескіндемеде заттардың арақатынасы мен орналасуын ұйымдастыру қағидаттары
5. Жанр	Е. Бейнелеу өнеріндегі тақырыптық түр немесе бағыт
6. Мүсін	Ғ. Үш өлшемді пішінді көркем бейнелеу түрі
7. Пластика	Г. Материалға пішін беру арқылы көркем бейне жасау өнері
8. Эксперимент	Н. Әртүрлі материалдар мен техникамен тәжірибе жасау әрекеті

БЖБ және ТЖБ алу картасы:

5–6-сыныптар (аптасына 2 сағат, жылына 68 сағат)

Тоқсан	Бөлім атауы	БЖБ өткізу мерзімі	ТЖБ өткізу мерзімі
I тоқсан	«Визуалды өнер»	Бөлім соңында – 1 рет	Тоқсан соңында – 1 рет
II тоқсан	«Сәндік-қолданбалы өнер»	Бөлім соңында – 1 рет	Тоқсан соңында – 1 рет
III тоқсан	«Дизайн және технология»	Бөлім соңында – 1 рет	Тоқсан соңында – 1 рет
IV тоқсан	«Тамақтану мәдениеті» / «Үй мәдениеті»	Бөлімдерді біріктіріп – 1 немесе 2 рет	Тоқсан соңында – 1 рет

7–9-сыныптар (аптасына 1 сағат, жылына 34 сағат)

Жартыжылдық	Бөлім атауы	БЖБ өткізу мерзімі	ТЖБ
I жартыжылдық (I–II тоқсан)	«Визуалды өнер» / «Сәндік-қолданбалы өнер»	Бөлімдерді біріктіріп – 1 немесе 2 рет	Өткізілмейді
II жартыжылдық (III–IV тоқсан)	«Дизайн және технология» / «Тамақтану мәдениеті» / «Үй мәдениеті»	Бөлімдерді біріктіріп – 1 немесе 2 рет	Өткізілмейді

Ескерту: Егер бір тоқсанда 2 БЖБ өткізу қажет болса, әр БЖБ уақыты **20 минуттан аспауы тиіс** (Мысалы, IV тоқсан: «Тамақтану мәдениеті» және «Үй мәдениеті» бөлімдері).

БӨЛІМ БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ (БЖБ)

Пәні: Еңбек (Қолданбалы өнер, ұлдар)

Сынып: 6

Тоқсан: II

Уақыты: 40 минут

Максималды балл: 15 балл

Тақырып: Қазақ халқының зергерлік өнері. Табиғи материалдар және шығармашылық бұйым.

Оқу мақсаттары:

6.1.1.1 – ұлттық және әлем мәдениетіндегі өнер, қолөнер және дизайн туындыларының ерекшеліктері туралы білімін және түсінігін көрсету;

6.1.3.1 – композицияның негізгі заңдылықтарын ескере отырып (оның ішінде АКТ және ЖИ мүмкіндіктерін), әртүрлі нысандардың дизайнын жасау;

6.2.2.5 – шығармашылық жұмыс барысында қазақ ұлттық мәдениетінің элементтерін қолдану;

6.1.4.1 – әртүрлі конструкциялық материалдарды білу, олардың қасиеттері мен қолданылуын сипаттау;

6.2.5.1 – материалдар және құрал-жабдықтармен жұмыс жасау кезінде қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтау.

Тапсырма 1. Теориялық бөлім (4 балл)

